Қайыңды ауылдық округі әкімі аппараты жанынан құрылған қоғамдық келісім кеңес отырысының хатамасы №3

Қайыңды ауылы 23 ақпан 2026 жыл

Төрағалық етуші: А.Жайынов – Кеңес төрағасы
Хатшы: О.Бақтыгереева
Қатысқандар: Жергілікті қоғамдық кеңестің төрағасы және мүшелері

Күн тәртібі:

2026 жылға Қайыңды ауылдық округіндегі автомобиль жолдарының жұмысын күтіп ұстауды қаматамсыз ету үшін бір көзден сатып алу тәсілін қолдану арқылы, мемлекеттік сатып алуларды өткізу туралы

Тыңдалды:

Қайыңды ауылдық округінің әкімі А.Губашев – Қайыңды ауылының ішкі көше жолдарын күтіп-ұстау жұмыстарына 2026 жыл үшін 400 мың теңге қаралып отыр. Қаражат көлемі аз болуына байланысты басқа жақтан техника келіп, жолды жыл бойына үнемі күтіп ұстау тиімсіз болып отыр. Сондықтан өздеріңізбен келісе отырып, 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII ҚР «Мемлекеттік сатып алу заңының» 16 бабына сәйкес, шартты тікелей жасау арқылы, бір көзден алу тәсілімен болатындығын хабарлаймын.
Қосымша сөз сөйлегендер:
Төрағалық етуші: А.Жайынов – Кеңес төрағасы: «Мемлекеттік сатып алу» Заңын басшылыққа ала отырып, ауыл ішілік жолдарын үнемі күтіп ұстауға ауылымыздың шаруашылықтары жетерлік. Соның бірі «Нурсай-Агро» ЖШС (БИН 220540036668) басшысы Айболат Аткеевты ұсынар едім. 2025 жылы жаңадан тратор алды. Қазірдің өзінде А.Аткеев ерікті түрде ауыл ішіндегі қарларды техникасымен тазалап жатырғандығы өздеріңізге мәлім.
А.Алдонғаров қоғамдастық мүшесі - Ауыл ішілік жолдарын үнемі күтіп ұстауға Айболат Аткеевке қарсылығымыз жоқ. Ауылдың кәсіпкерлерін қолдаймыз. Басқа жақтан келген техника бөлініп отырған қаражатқа жыл бойына күтіп-ұстау жұмыстары үшін келе бермейтіндігі анық.
Б.Айжариков қоғамдастық мүшесі – Кеңес төрағасының ұсынысын қолдаймын. Бастысы жолды уақытында тазалап, қырып, сапалы жұмыс атқарса болғаны. Ауыл азаматы болғасын өзі де, техникасыда қасымызда болғаны дұрыс. Сондықтан жоғарыдағы ұсынысты қолдай отырып, бір көзден сатып алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуларды өткізу жөн деп есептеймін.

Қоғамдық кеңес мүшелері күн тәртібіндегі мәселені талқылап, **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Жиналысқа қатысушылардың барлығы ұсынысты қолдап, Қайыңды ауылының ішкі жолдарын жыл бойына күтіп – ұстауға бір көзден сатып алу тәсілін қолдану арқылы мердігер ШҚ жетекшісі «Алибай» мен келісім-шарт жасауға келісімдерімізді береміз.

Қоғамдастық төрағасы А.Жайынов
Жиналыс хатшысы О.Бақтыгереева
Қоғамдастық мүшесі А.Алдонғаров
Қоғамдастық мүшесі Б.Айжариков
Қоғамдастық мүшесі Г.Хасанова
Қоғамдастық мүшесі А.Губашев